

КЕЛІСІЛДІ
«Ақкөл аудандық
білім бөлімі» ММ басшысы
К.К.Әшімов
01.09.2024 ж.

«БЕКІТЕМІН»
«Өрнек ауылы ЖОББМ» КММ
2024 жылғы тамызындағы
педагогикалық кеңес отырысының
№1 хаттамасы
Д.М.Ергалиева
01.09.2024 ж.

2024-2025 оқу жылына арналған
«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша
білім бөлімінің Өрнек ауылы жалпы орта білім беретін мектебі»
КММ жұмыс оқу жоспары 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348
бұйрығымен бекітілген МЖМБС негізінде (өзгерістермен 2022
жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрық); ҚР БҒМ 2012 жылғы 8
қарашадағы № 500 бұйрығына; ҚР БҒМ 2012 жылғы 12
желтоқсандағы № 557 бұйрығына
бұйрығы негізінде жасалған

Рабочий учебный план
КГУ "Общеобразовательная школа села Орнек отдела
образования по Аккольскому району управления образования
Акмолинской области" на 2024-2025 учебный год на основании
ГОСО от 3 августа 2022 года № 348 (с изменениями от 23 сентября
2022 года приказ №406); приказа МОН РК от 8 ноября 2012 года
№ 500; приказа МОН РК от 12 декабря 2012 года
№ 557 .

**«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім
бөлімінің Өрнек ауылы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2024-2025 оқу жылына арналған
жұмыс оқу жоспарына түсінік жазбасы**

Өрнек ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспары негізгі білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды көрсетеді; білім алушылардың аудиториялық жүктемесінің ең жоғары көлемін, пәндік облыстардың құрамы мен құрылымын белгілейді; оқу пәндерінің, курстардың тізбесін айқындайды, сыныптар мен оқу пәндері бойынша оларды игеруге бөлінген оқу уақытын бөледі.

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен, 2022 ж. 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы; ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

- «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысы;

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы;

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

- 1-3-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін, 4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнін оқыту жалғасады.
- Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады.

Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

- 1-сыныпта – 1 сағатты;
- 3-сыныпта – 1 сағатты;
- 4-сыныпта – 1 сағатты құрайды.

Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

- 2-сыныпта – 1 сағатты құрайды.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика және логика» пәнін оқуға ұсынылады.

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға бөлінеді:

- 5 сыныпта – 0,5 сағат;
- 6 сыныпта – 0,5 сағат;
- 7 сыныпта – 0,5 сағат;
- 8 сыныпта – 0,5 сағат;
- 9 сыныпта – 1 сағатты құрайды.

1) 2024 - 2025 оқу жылының басталуы - 2024 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2024 жылғы 28 қазан – 03 қараша аралығында), қысқы каникул – 10 күн (2024 жылғы 28 желтоқсан мен 2025 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 10 күн (2024 жылғы 21-03 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул – 5 күн (2025 жылғы 17-21 ақпан аралығында).

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

Бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары

2024-2025 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әрі – Стандарт) бойынша жүзеге асырылады.

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

- 1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу;
- 2) сын тұрғысынан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- 6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары.

Бастауыш білім беруді ұйымдастыру Стандартта айқындалған мақсат пен ондағы күтілетін нәтижеге бағдарлануы тиіс.

2024-2025 оқу жылында осы Стандартқа мынадай өзгерістер енгізілді:

- 1) «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінде іске асырылады», оқу жүктемесі аптасына 1 сағат.
- 2) «Көркем еңбек» пәні «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндеріне бөлініп, тек 1-2 сыныптар үшін дербес оқу пәндері болып айқындалды.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндерінде іске асырылады», - деген өзгеріс енгізілді.

ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №595 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңестің шешімімен осы Оқу жоспарларының бірін таңдау арқылы оқу процесін ұйымдастыру жүзеге асырылады. 2024-2025 оқу жылында республикадағы жалпы білім беретін мектептердегі бастауыш білім беру процесін ұйымдастыру ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің таңдау және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №115 бұйрығына енгізілген толықтыруларға сәйкес жүзеге асырылады.

«Еңбекке баулу» пәнінің мақсаты – білім алушыны еңбек іс-әрекетіне дағдыландыру, олардың қарапайым құралдармен және әртүрлі материалдармен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту. «Еңбекке баулу» пәнінің міндеттері:

- қол еңбегі арқылы оқушының байқампаздық, ұқыптылық, ептілік, жинақылық, жасампаздық, еңбексүйгіштік, төзімділік, шыдамдылық қасиеттерін тәрбиелеуді;
- қолөнер туындылары мен олардың маңызы туралы ұлттықдүниетанымдық түсініктерін қалыптастыруды;
- еңбек етуге психологиялық дайындығын, қызығушылығын, құлшынысын дамытуды;
- еңбекті, еңбек адамын, кәсіп иесін құрметтеу, еңбектің адамзатқа пайдасы туралы түсінігін қалыптастыруды,
- бастапқы еңбек дағдыларды игеруін;
- еңбек мәдениетін үйренуге бейімдеуді, еңбек қауіпсіздігін сақтау дағдысын қалыптастыруды;
- көркемдік-шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруды;
- түрлі материалдармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді;
- мүсіндеу, құрастыру, құрау, жапсыру, ою, тігу, илеу жоспарлау, модельдеу біліктілігін дамытуды;
- қолөнер туындылары жайлы ақпарат жинақтау, талдау және шығармашылықпен қолдануды;
- өз қолымен жасалған туындылар арқылы өз мүмкіндігіне деген сенімін арттыруды;
- отбасында, мектепте, мектептен тыс ортада қоғамдық пайдалы еңбекпен шұғылдану дағдысын қалыптастыруды көздейді.

«Еңбекке баулу» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік және көрнекілік ұстанымдарына негізделеді.

«Еңбекке баулу» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

«Еңбекке баулу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

Ескерту: 1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың логикалық ойлауын дамыту арқылы математикалық білім негіздерін қалыптастыру. Бастауыш білім- жалпы орта білім алудың негізгі базасы. Тек өздігінен оқи алғанда ғана оқушы білімді мақсатты және нәтижелі түрде игеретіні анық. Ол үшін оқушы оқу еңбегінің дағдысы мен икемділігін қалыптастыру керек. Кейбір оқушылар күрделі мәселелер шешімін оңай тауып, ал кейбіреулері күнделікті жәй тапсырмалардың шешуін таппай тығырыққа тіреліп жатады. Бірыңғай дұрыс шешім қабылдау үшін жағдайды дұрыс бағалауды қалай үйренуге болады? Өмірлік жетістіктерге жету үшін адам

тапсырмалардың шешуін таппай тығырыққа тіреліп жатады. Бірінғай дұрыс шешім қабылдау үшін жағдайды дұрыс бағалауды қалай үйренуге болады? Өмірлік жетістіктерге жету үшін адам қандай қасиеттерге ие болуы қажет? Оқушылар ақпаратты қабылдап қана қоймай,оны меңгеру технологиясын игеруі қажет.Бұл үшін "Математика және логика" атты дамыту курсының тигізер көмегі зор.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) басшылыққа ала отырып,1-4 кластарда танымдық қабілеттерін логикалық ойлау тұрғысынан жан-жақты дамыта білім беру мақсатында «Математика және логика» тақырыбымен элективтік курс бағдарламасы дайындалды.

Бұл бағдарламада тапсырмалар мазмұны жағынан бір-біріне ұқсамайды. Әр сабақ сайын қиындайды, көлемі үлкейіп, күрделенеді, сөйтіп балалар жалықпай, тапсырманы орындау жылдамдығы артады. Тапсырма баға қоюға бағытталмаған, керісінше,оқыту мен дамытуды көздейді. Сол себепті логикалық тапсырмалар, жеке тұлғаның өзіндік ойлау қабілетін дамыту мен қалыптастыру болып табылады. Бұл - көңіл бөлу, елестету, есте сақтау мен ойлау. "Бүгін және әрқашан өзің үшін жаса!" - міне, математика және логика курсының негізгі тақырыбы. "Математика және логика" курсы ойлау, талдау, жинақтау, салыстыру, жүйелеу, шектеу, жіктеу, мойындамау(терістеу), сұрыптау, ой тұжырымы, есте сақтау, зейінді дамыту секілді тапсырмалармен қамтылған.

Вариативтік оқытудың негізгі мақсаты - оқушылардың жалпы білім беру бағдарламасындағы жекелеген пәндерді тереңдетіп оқу мүмкіндігін туғызу.

Оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде оқушы шығармашылығын дамытудың қажеттілігі қоғам талабынан туындайды. Оқытудың вариативтік негізінде құрастырылған таңдау курсы бастауыш сынып оқушыларына арналған. 1-4 сыныптарда "Математика және логика" курс бағдарлама үлгісі 1-сынып аптасына 1-сағат, жылына 33 сағат , 2-4 сыныпта аптасына 1 - сағат, жылына 34 сағат жүктеме берілген. Негізгі оқу материалдарын үлгіге ала отырып, оқушылардың алған білім, білік, дағдыларын және пәнге деген қызығушылығын арттырады.

2024-2025 оқу жылындағы ҚР - ның жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы нұсқау хатты негізге ала отырып пәнді оқытуда оқушылардың білімдерін одан әрі жетілдіре түсу мақсатында таңдау пәндері қосымша пайдаланылады.

«Математика және логика» сабақтары жүйесіндегі ұсынылған есептер мен жаттығулар үш түрлі мақсатты көздейді, олар: танымдық, дамытушылық, тәрбиелік.

Танымдық мақсаты.

Есте сақтаудың түрлері, қиял мен зейінді қалыптастыру, дамыту. Жаңа шешімдерді іздеу, қажетті нәтижеге жету, ерекше тәсілдерін табу.

Дамытушылық мақсаты.

Ойлау мен тіл бір-бірімен тығыз байланысты. Ойлау қызметі негізінде ойды дамыту, тексеру, салыстыру жіктеу болса, керектісін дәлелдеу, пікірін айту, өзгемен хабарласу, жауап беру тіл арқылы жүзеге асады. Осыған сәйкес сөйлеуді дамыту. Сөздермен, сөз тіркестерімен және сөйлеммен жұмыс істеу барысында тіл дамыту. Қиялдау, елестету және шығармашылық ойлауын дамыту.

Тәрбиелік мақсаты.

Тұлғааралық қатынастың тәрбиелік жүйелері. Қоршаған ортаға дұрыс көзқараспен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Алған білім-білік дағдыларын өмірде қолдана білуге үйрету, ізденімпаздыққа, өз-өзінесенімді болуға тәрбиелеу.

Курстың міндетті:

-Курстың басты міндетті - оқушыларға білім жүйесінің негіздерін меңгерту, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін молайту.

-Зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру.

-Өзіндік жұмыс жағдаяттарын тиімді шешу.

Пәнаралық байланыс: әдебиеттік оқу, математика, қазақ тілі, дүниетану, логика негіздері, ұлттық дүниетаным.

Ұйымдастыру формалары: топтық жұмыс, зерттеу, бақылау жұмысы, жеке жұмыс, қосымша әдебиетпен жұмыс.

Оқушылар білуі тиіс:

- өз ойларын ауызша және жазбаша еркін жеткізе білуге дағдылану
- теориялық білімдерін практика жүзінде ұштастыра білу
- өз қиялын ұштай отырып, сұрақ қоя білу
- күнделікті өмірінде болып жатқан түрлі іс әрекеттің ерекшелігін бақылау әдісін қолдану арқылы анықтау

Оқушылар істей алуы тиіс:

- өзгеше және шапшаң ойлау
- әрекетті немесе нәтижені сынау
- өз көзқарасын және өз ойын ашық айту
- тірек сөздермен, мұғаліммен және дербес жұмыс жасау

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетімен жұмыстануға, дәлелдеуге, салыстыра отырып пікір айтуға, есте сақтауға, өз-өзіне сеніммен қарауға, жаңа шешімдерді іздей білетін тұлға қалыптастыру.

Сауатты оқуға, түсінуге, ажыратуға, салыстыруға алған білімін күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады.

Курс бойынша мазмұны мен құрылымы:

Қазіргі білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасына сай спиральды оқыту әдісі бойынша 4 тарау бойынша барлық кластарға бірдей тақырыптармен енгізілді. Әр класқа байланысты тапсырмалар күрделеніп дайындалады.

«Қызықты арифметика» бөлімінде балалардың сабақ үстінде танысқан көптеген ойындары арқылы есептей отырып, кейіннен күнделікті өмірге сіңіп

кетеді. Мысалы: математикадан есептер, логикалық тапсырмалар мен логикалық есептер, қызықты есептер, айырмашылығын табу, есте сақтау тренингтері балалармен өткізілетін кез – келген тапсырманы сабақтың үстінде бой жазу ретінде қолдануға болады.

«Ойлауға берілген есептер» бөлімінде бастауыш сынып балалары, яғни тұлғаның танымы мен интеллектуалды дамуына қажетті тапсырмалармен қамтамасыз етуге бағытталған бағдарлама, математиканың негізін сапалы игеруді қамтамасыз етеді.

«Геометриялық ұғымдар» бөлімінде көрнекі-бейнелі, логикалық және абстрактты ойлауды қалыптастыру, негізгі орта білім деңгейіндегі алгебра мен геометрияны игеруге практикалық негіз жасауды көздейді.

«Сөйлеуді қалыптастыруға арналған тапсырмалар» бөлімінде математикалық жұмбақтар мен мақал-мәтелдер алуға және еңбекке бейімдеуге, сондай-ақ ата-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сана, халықтық және ұлттық болмысты жалпы адамзаттың мәдени мұраларымен үндестіру арқылы, баланы тұлға ретінде қалыптастыру және оқушының ақыл-ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыту. Мектептің негізгі сатысында оқуға, меңгерген математикалық білімін өмірде қолдануға жан-жақты дайындауды жүзеге асыру.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Математика және логика» бағдарламасы құрылысы мен мазмұны математика курсының негізгі болып табылады. Мұнда тек қажетті дайындық деңгейі жетістіктерін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар логикалық - математикалық дайындықты күшейтетін терең, әрі жан - жақты математикалық білімді игеруді, математикалық нысандармен жұмыстағы нақты тәжірибені дифференциалдық тәсіл мүмкіндіктерін, оқу қызметінің маңызды элементтерін дамытуға жол ашады. Жаттығулар жинағында сабақтарды белгісіне қарай бөлуге және оларды орындауға, салыстыруға, жүйелеуге, логикалық сөздерді түсінуге және оларды дұрыс қолдануға, талдауға, ұғымды анықтауға, арналған тапсырмалар берілген. Оқушыларды талқылай білуге, алған білімдерін қолдана білуге, негізделген ауызша есептеудің қызықты тәсілдеріне арналған тапсырмалар енгізілген.

Шығармашылық жаттығулар, геометриялық маңызды жаттығулар, логикалық тапсырмаларды шығару тәсілдерін үйретуді көздейді.

«Өмірдегі тиімділік»

Дарынды балаларға арналған «Математика және логика» көмекші, әдістемелік құралының ұтымдылығы оқушылардың бастауыш сыныптардан бастап өз ойын жүйелі де түсінікті етіп жеткізу, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру болғандықтан, қызықты сұрақтар, мақал - мәтел, жұмбақтарды, жаңылтпаштарды талдауға басты назар аударылады. Сондай-ақ сөйлеудің ауызша және жазбаша түрі, олардың ерекшеліктерін қамтыған материалдар берілді. Тез ойлап, тез шешім қабылау, салыстыру, ажырату қабілеттерін дамытады.

Оқушыға өз ойын еркін айтуына, ойын дамыта өзгертуіне шығармашылық жұмыстағы еркіндікке, кез келген мәселені шешуге, баға беруге, таңдау жасауға, оқығанын өмірмен байланыстыруына, өмірде қолдана алуына мүмкіндік береді. Оқушылар алдына өзекті міндеттерді қоя біледі, оларды шешеді, логикалық тапсырмаларды пайдаланып, салыстыру, топтау әдістерін қолданып, дәлелді

тәуелділіктің шешуін табады, талдай білу дағдысын дамытады, тәуелділік байланысын орнатады және қорытынды жасауды үйренеді.

Сонымен қатар логикалық ойлауға дағдыланады, логикалық сөйлеу және ойша елестеу қабілеті дамиды.

Қоршаған ортаны танып, білу үрдісі баланың ойлануын дамытып қана қоймайды, оқушының қоршаған ортаға адамгершілік қарым - қатынасын қалыптастыруына мүмкіндік туғызады. Оқушылардың қоршаған дүние туралы алған білімін дұрыс қолданып, әлеуметтік және табиғи ортада өзінің жүріс тұрысын әділ бағалай білу қабілетін тәрбиелеу. Қоршаған ортаны танып білу сабақтарында алған білімі өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамытады.

Таным теориясы адамға жинақталған ақпаратты зерттеп, ішінен маңыздысын тандап, соның негізінде дұрыс өмірлік салтын ретке келтіру, дұрыс тандау жасау қабілетіне ие болуға, яғни өзінің болмысы мен әрекетін бағалау дағдысын көрсете білуге мүмкіндік береді.

«Математика және логика» курсы бойынша оқу жүктеменің көлемі:

1 «А» сыныбы аптасына 1 сағаттан, оқу жылына 34 сағат;

3 «А» сыныбы аптасына 1 сағаттан, оқу жылына 34 сағат;

4 «А» сыныбы аптасына 1 сағаттан, оқу жылына 34 сағат.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-11 сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттіліктер» курсының үлгілік оқу бағдарламасы

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Курстың мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

- 1) білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру;
- 2) тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру;
- 3) білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту;
- 4) эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу;
- 5) мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;

- 6 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 7 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 8 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 9 - сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

2. Оқу курсының базалық мазмұны

6. Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген алты бөлімнен тұрады.

«Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

«Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыруды насихаттайды.

«Медиа және қаржылық сауаттылық» юнитінде медиакеңістік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кеңейіп, сауаттылық неден басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады. Білім алушылар қаржылық сауаттылықты жеке қаржылық әл-ауқатқа жету құралы ретінде пайдалану арқылы әлемдік экономикалық кеңістікке кірігеді.

«Өмір қауіпсіздігі» юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағытталған.

«Экологиялық мәдениет» юнитінде білім алушылар экологияның негізгі заңдылықтарымен танысады. Өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық-құқықтық принциптерін сақтайды. Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын белсенді жүргізетін, биосферадағы байланыстарды бұзушыларға қарсы, сондай-ақ экологиялық санасы дамыған әлеуметтік-бағдарлы тұлғаны қалыптастырады.

«Зайырлылық және дінтану» юниті (9-сынып) білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған.

3. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Білім алушыда:

- 1) кең ауқымды дағдылар;
- 2) әлеуметтік жауапкершілік;

- 3) сыни, креативті және шығармашылық ойлау;
- 4) өз білімі мен іс-әрекеті үшін жауапкершілік, басқаларға жанашырлық пен құрмет көрсету;
- 5) салауатты өмір сүру дағдысы мен айналасындағы адамдардың әл-ауқатына ықпал ету;
- 6) өмір бойы білім алу қажеттілігі;
- 7) экстремистік, террористік діни топтар мен ағымдардың идеологиялары мен тәжірибесінің ықпалына қарсы иммунитет қалыптасады.

- 10 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
 - 11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
 - 0,5 сағат жүктемесі бар курс 2 аптасында 1 рет өткізіледі.
- Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

10 сынып «Жаһандық құзыреттілік» курсы

«Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» және «Қаржылық сауаттылық» екі юниттен тұрады. «Жаһандық құзыреттілік» курсы (5-11-сыныптар) білім алушылардың зерттеу жобаларын, стартаптарын іске асыруда, ұжымда, қоғамда туындайтын ситуациялық міндеттерді шешуде олардың белсенділігін арттыруға, акцияларға, әлеуметтік жобаларға және волонтерлік бағдарламаларға бастамашы болуға ықпал ететін сыни ойлауын және функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды көздейтін әртүрлі жұмыс нысандарын пайдалануды көздейді.

Юниттер тақырыбы оқытудың алуан түрлі тәсілдерін ұсынады: проблемалық және зерттеу, шығармашылық, саналы және гуманистік оқыту.

Білім алушылардың оқу қызметі ұжымдық, шығармашылық және өзіндік жұмысы форматында ұйымдастырылуы мүмкін, оның барысында тиімді өзара әрекеті мен ынтымақтастық, коммуникация, коллаборация, сыни және шығармашылық ойлау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі басқару дағдылары күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі ретінде қалыптасады.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жобалары мен әлеуметтік бағыттағы акцияларды жүзеге асырудағы бастамаларын қолдау маңызды.

Педагог білім алушылардың бастамаларына қолдау көрсете отырып, оқу процесін мынадай форматта ұйымдастырады:

- жаһандық проблемалар, олардың себептері, салдары және ықтимал әрекеттер бағыттары бойынша зерттеулер жүргізу;
- дәлелдерді, аргументтер мен көзқарастарды қолдау үшін дәлелдемелерді пайдалану;
- мәселені анықтау және талдау, дәлелдер мен көзқарастарды тұжырымдау;
- шағымдарды, дәлелдер мен көзқарастарды қолдау үшін қолданылатын дәлелдер мен аргументтерді талдау және бағалау;
- зерттеулерді, дәлелдер мен көзқарастарды қолдау үшін көздерді және/немесе процестерді талдау және бағалау;
- аргументті, көзқарасты, іс-қимыл жоспарын немесе нәтижені қолдау үшін ойлау сызығын жасау;

- жеке, аймақтық, ұлттық және жаһандық ұстанымдардағы маңызды мәселелерді қарастыру, осы көзқарастар (перспективалар) арасындағы байланысты түсіну;

- жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы аналитикалық бағалау түсінігін дамыту.

рефлексия аясында:

- әр түрлі көзқарастарды объективті түрде қарастыру;
- аргументтер мен дәлелдерді қолдана отырып, жеке көзқарасты негіздеу;
- топтық жұмыс және зерттеу нәтижелері жеке оқуға қалай әсер еткенін түсіну және түсіну.

10 «А» сынып «Python» тілінде бағдарламалау курсы

Курстың мақсаты: негізгі жалпы білім берудің негізгі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игерген информатика курсына білім мен дағдыны жүйелеу

Курсты оқытудың міндеттері:

- пән бойынша бақылау-өлшеу материалдарының құрылымы мен мазмұны, әртүрлі типтегі тапсырмалардың мақсаты туралы түсінік қалыптастыру.
- әртүрлі типтегі тапсырмаларды орындауға уақытты тиімді бөлу қабілетін қалыптастыру
- информатиканы оқуға қызығушылық пен оң мотивацияны дамыту

10 «А» сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

10 «А» сынып «Этногеография» курсы

Курсты оқытудың мақсаты – әлем халықтарының нәсілдік, тілдік және діни құрамын зерттеу, кейбір аймақтардағы еңбек ресурстарының тапшылығы, халықтың баяу өсуі, оның біркелкі емес таралуы жағдайында миграциялық ахуалды, оның әр-түрлілігін, әсер ету факторларын географиялық тұрғыдан зерттеу.

Пәнді оқытудың міндеттері:

- қоғамның қозғаушы күші ретінде дүние жүзінің халықтары туралы керекті мәліметтерді беру;
- халықтың ұдайы өсуінің жағдайын, ролін көрсету;
- этнос ұғымы, дүниежүзілік халықтың құрылымы және құрамы туралы жалпылық бейне беру;
- ҚР-ның халқы туралы, ұлтық құрамы, өсіп-өнуі және көшіп-қонуы туралы ерекшеліктерін қарастыру.

10 «А» сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

11 «Б» сынып «Решение текстовых задач по математике» курсы

Курсты оқытудың мақсаты:

- тәжірибеде қолдану, үздіксіз білім алу үшін қажетті нақты математикалық білімді меңгеру;

- оқушылардың интеллектуалдық дамуы, математикалық әрекетке тән және қоғамдағы өнімді өмірге қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру.

11 «Б» сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

11 «А» сынып «Физикадан қиындығы жоғары есептерді шешу әдістері» курсы

Курсты оқытудың мақсаты – 1.Жұмыстың өзектілігі: ұсынылып отырған материалдар жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасындағы тақырыптармен үйлесімді, Физика есептерімен жұмыс істей білуді қалыптастыру, есеп шығарудың әдістері мен тәсілдерін үйрету. Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық. Физикадан тақырыптық тестілер есептерін шығару. Жеке тұлғаны білімділікке және ізденімпаздыққа ынталандыру, болашақ мамандығына дұрыс бағдар беру, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін арттыруды көздейді. 2.Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі: физикалық, математикалық зерттеу әдістемелері және физиканың дүниетанудағы рөлі туралы көзқарастарын жаңа тәсілдерін араластыра қолдануды ұсынады. 3.Жұмыстың жаңашылдық деңгейі: мемлекеттік міндетті білім стандартына сай және мектеп бағдарламасының физика пәнінен профильдік оқыту мазмұнына сәйкестендірілген тапсырмаларды орындау арқылы үйреніп жатқан білімдерін бекіту және алдағы қорытынды аттестацияға дейін мәтінмен жұмыс жасауға дағдыландыру мен дайындауды көздейді. 4.Жұмыстың ғылымилығы: Бағдарламада ұсынылған материалдар: оқушылардың білімін, білігін, дағдысын қалыптастырып қоймай, оқушылар тұлғасын дамыту және тәрбиелеуді; білім беру мазмұнының гуманистік, интеграциялық және инновациялық тәсілдерге сәйкестігін қамтамасыз етуді жоспарлайды.

Курсты оқытудың міндеттері:

- физикалық құбылыстарды талдау;
- шешімдерін айта білу;
- алған жауаптарына талдау жасау;
- берілген есептерді топтастыра білу;
- қарапайым есептерді құра білу;
- қиындығы орта деңгейдегі есептерді шығарудағы алгоритмін тәртіппен орындау және әрбір кезеңдерін түсіндіре білу;
- есеп шығаруда тиімді жолын таба білу;
- кіріктірілген есептерді шығара білу;
- өзін-өзі бақылау және бағалау әдістерін меңгеру.

11 «А» сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

11 «А» сынып «Оқу сауаттылығы» курсы

Курсты оқытудың мақсаты: Оқу сауаттылығы бойынша ҰБТ-ға дайындық. Мәтінді талдау негізінде оқушыларды үйге эссе жазуға дайындау; ұсынылған мәтінді талдау, байланыстырып сөйлеу, сөйлеу, ойлау қабілетін дамыту.

Курсты оқытудың міндеттері:

- а) ауызша сөйлеуді тыңдау және түсіну;

- ә) ауызша мәлімдемені талдау;
- в) өз көзқарасын білдіру және негіздеу;
- г) дәлелдер келтіру және қорытынды жасау;
- д) ауызша сөйлем құрастыру, пайымдау құрамын қадағалау.

11 «А» сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- мекемелерде, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда;
- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;
- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар өткізу;
- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу;
- мерейтой иелеріне арналған тәрбие сағаттарын, әдеби кештер, мәнерлеп оқу сайыстарын, эссе, мазмұндама, шығарма жазу сайыстарын және т.б. ұйымдастыру.

Сыныптан тыс жұмыстар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар теориялық білімін кеңейтіп толықтырады және білім алушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.